**"Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу" бағдарламасын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 15 маусым N 829
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.14. N 159 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу" бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 маусымдағы N 829 қаулысымен бекітілген

**"Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу" бағдарламасы**

**Бағдарлама паспорты**

| | |
|---|---|
| Бағдарламаның атауы | "Нашақорлықты емдеу медициналық және алдын алу" бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіздеме | Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің 2001 жылғы 15 наурыздағы шешімі |
| Негізгі әзірлеушілер | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Дәрігерлер мен дәрі жасаушылар қауымдастығы |
| Іске асыру мерзімі | 2001-2005 жылдар |
| Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері | Бағдарламаның мақсаты: - республикада нашақорлықты емдеудің және медициналық алдын алудың бірыңғай жүйесін құру |

және одан әрі нығайту, нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу ісінде мемлекет пен қоғамның күштерін топтастыру.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу бағдарламасын тиімді енгізу үшін заң базасын әзірлеу және жетілдіру;
- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу саласындағы заңдарды жетілдіру;
- меншік нысанына қарамастан емдеу-алдын алу ұйымдары мен оңалту орталықтарының, қоғамдық ұйымдардың нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу саласындағы сабақтастығы;
- меншік нысанына қарамастан, нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу проблемасының әртүрлі қырларына мамандандырылған мекемелердің тиімді өзара іс-қимылы мен олардың қызметін үйлестірудің тетіктерін жасау;
- емдеу-оңалту орталықтарын, адамды психологиялық қолдау орталықтарын дамыту;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру және мемлекеттік қолдау;
- көрсетілген мекемелерді кадрлармен қамтамасыз ету, олардың қызметкерлерінің біліктілігі мен кәсіпқойлығын арттыру;
- осы салада қызмет істейтін халықаралық ұйымдардың өкілдерімен арадағы ынтымақтастықты кеңейту;
- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлардың өзара іс-әрекет жасауын ұйымдастыру;
- жүргізіліп жатқан саясатқа ақпараттық қолдау көрсету және халықтың сенімін қалыптастыру

| | |
|---|---|
| Қаржыландыру көздері | - республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары;<br>- инвестицияларды тарту;<br>- қоғамдық қорлар мен жеке тұлғалардың аударған ақшасы; |

- ғылыми-зерттеу, алдын алу және басқа да жобаларды орындауға бөлінген гранттар;
- техникалық және консультациялық көмек бағыты бойынша халықаралық ұйымдар мен донор елдердің ресурстары

| | |
|---|---|
| Күтілетін нәтижелер | - Қазақстан Республикасында есірткіге тәуелділіктің таралуына қарсы іс-әрекеттің тиімді, айқын үйлестірілген жүйесін құру;<br>- Қазақстан Республикасында есірткіге тәуелділіктің таралу үрдісіне тосқауыл қою;<br>- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу саласында жоғары технологиялар әзірлеу;<br>- есірткіге тәуелділіктің таралуына қарсы іс-әрекетке қатысты халықтың құқықтық таным деңгейін көтеру;<br>- жалпы республика бойынша қылмыстық ахуалдың деңгейінің төмендеуі |

**Кіріспе**

"Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу" бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) халықтың денсаулығын және қазақстандық қоғамның тектік қорын сақтау мүддесінде әзірленді және Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық әрекет жүйесінің бір буыны болып табылады.

Бағдарлама нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу саласындағы қазіргі заманғы үрдістерді назарға алады.

Соңғы жылдары есірткіні медициналық мақсатта тұтынбаудың арта түскен тұрақты үрдісі байқалып отыр, осыған орай, Республиканың ұлттық қауіпсіздігі мен халқының денсаулығына төнген нақты қатерлер үшін айтарлықтай негіздер болып отыр.

Сонымен қатар Бағдарламаны қабылдау қажеттігі нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің қазіргі кезеңінде нашақорлықты емдеу мен алдын алуға жалпы назар аударылуы тиіс екенінен туындап отыр.

Алдын алу қызметінің барлық объектісі мен субъектісінің пікірлерін ескермей, тиімді және жан-жақты алдын алу саясатын, нашақорлыққа бейім адамдарды емдеу әдістемесін әзірлеу мүмкін болмайды. Осыған орай барлық мүдделі тараптар өкілдерінің пікірлерін жинау, есепке алу, зерделеу және талдау қажеттігі туындайды.

Алдын алу жұмысы нақты міндеттерді шешуді және шынайы нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс айқын және анық саясат құруды талап етеді.

## 1. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Белгілі болып отырғанындай, тікелей емдеумен және медициналық алдын алумен наркологиялық қызметтер айналысады. Мемлекеттің наркологиялық қызметтердің жағдайын жақсарту жөніндегі қолданып жатқан шараларына қарамастан, ахуал түбегейлі түрде жақсара қойған жоқ, қайта керісінше болып отыр. Іс жүзінде республиканың барлық аймағында денсаулық сақтаудағы наркологиялық мекемелердің желілері не елеулі түрде қысқартылды, не дербес мәнін жоғалтты. Талдау, 1999 жылмен салыстырғанда 2000 жылы диспансерлер саны бір жарым есе, кереуеттер саны 2,5 есе қысқартылғанын көрсетті. Соңғы үш жылдың ішінде наркологиялық кабинеттер мен наркологиялық фельдшерлік пункттердің саны екі есеге жуық азайды, наркологиялық ұйымдардағы жасөспірімдер кабинеттерінің саны азайған. Сонымен қатар, емдеу желісінің емделуге келушілерге көрсететін көмегі, негізінен детоксикациялық процедуралармен шектелген және мамандандырылған сипат алмаған.

Соңғы жылдары нашақорлықты емдеу мен алдын алуда денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторы, түрлі үкіметтік емес ұйымдар белгілі бір маңызға ие бола бастады. Мұндай, көбінесе медициналық қызметке рұқсаты жоқ ұйымдар емдеу және оңалтудың шағын орталықтарын құрған, онда нашақорлыққа бейім адамдарды ақылы түрде емдеу және оңалту жүргізіледі. Дегенмен, жастар арасында белсенді алдын алу жұмыстарын жүргізетін, мәселен: "Есірткісіз Қазақстан", "Бөбек" сияқты және басқа да бірқатар қоғамдық ұйымдар мен қорлардың оң әсерін де теріске шығаруға болмайды.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды медициналық мақсатта тұтынбайтын адамдардың саны ұдайы өсіп отырғанын ескеру қажет. Әсіресе бұл көрсеткіштің кәмелетке толмағандар мен әйелдердің арасында өсіп отырғаны алаңдатады. Наркологиялық аурулар тек соңғы жылдың өзінде балалар мен жасөспірімдерде 1,5 есе өскен. 12%-дай жоғары сынып оқушылары өмірінде бір рет болсын есірткілерді тұтынған, оның үстіне, амфетаминдік есірткілер (экстаз) кең тарап отыр.

Нашақорлықты медициналық алдын алудың зор маңызы бар, өйткені ол, бүгінгі таңда аталмыш теріс құбылыспен күресудің бірден бір жолы. Дегенмен де , медицина қызметкерлерінің проблеманы өз бетінше шешуге жағдайлары келмейді, өйткені нашақорлық - қоғамдағы әлеуметтік қолайсыздықтың салдары, сол себепті де қалыптасқан жағдайды шешуге кешенді көзқарас қажет.

Есірткіге құмарлық мидағы жүріп жататын химиялық процестерді өзгертіп жібереді. Емдеу химиялық тепе-теңдікті үнемі қалпына келтіре бермейді және пациентке өз өмірін бақылау қабілетін қайтарып бере алмайды, сондықтан да, емдетумен қатар нашақорлықты медициналық-әлеуметтік оңалту және алдын алу маңызды орын алады. Десек те, алдын алудың жалпы алғанда, өзара байланысқан

мынандай екі бағыты болатынын ескеру қажет: әлеуметтік бағыттағы алдын алу және медициналық бағыттағы алдын алу, олар өзара бірлесіп ауру адамның нашақорлыққа түскен жағдайдан шығуының толық процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Алдын алу әуел бастан кешенді сипатта болуы тиіс. Сондықтан оны денсаулық сақтау жүйесінің ғана емес, басқа жүйелердің де барлық ұйымдарына енгізу және ол аталмыш мәселеге белгілі бір дәрежеде қатысы бар барлық министрліктер мен ведомстволарда жүзеге асырылуы тиіс.

## 2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

- республикада нашақорлықты емдеудің және медициналық алдын алудың бірыңғай жүйесін құру және одан әрі нығайту, нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу ісінде мемлекет пен қоғамның күштерін топтастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу бағдарламасын тиімді енгізу үшін заң базасын әзірлеу және жетілдіру;
- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу саласындағы заңдарды жетілдіру;
- меншік нысанына қарамастан емдеу-алдын алу ұйымдары мен оңалту орталықтарының, қоғамдық ұйымдардың нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу саласындағы сабақтастығы;
- меншік нысанына қарамастан, нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу проблемасының әртүрлі қырларына мамандандырылған мекемелердің тиімді өзара іс-қимылы мен олардың қызметін үйлестірудің тетіктерін жасау;
- емдеу-оңалту орталықтарын, адамды психологиялық қолдау орталықтарын дамыту;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру және мемлекеттік қолдау;
- көрсетілген мекемелерді кадрлармен қамтамасыз ету, олардың қызметкерлерінің біліктілігі мен кәсіпқойлығын арттыру;
- осы салада қызмет істейтін халықаралық ұйымдардың өкілдерімен арадағы ынтымақтастықты кеңейту;
- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлардың өзара іс-әрекет жасауын ұйымдастыру;
- жүргізіліп жатқан саясатқа ақпараттық қолдау көрсету және халықтың сенімін қалыптастыру.

## 3. Бағдарламаның негізгі бағыттары

Бағдарлама оны іске асырудың үш кезеңін көздейді:

1 кезең (2001-2003 жылдар) - мемлекеттік те, мемлекеттік емес те тиісті мекемелерді қолдау үшін нормативтік құқықтық базаларды құруды және оларды

тиісті кадрлармен қамтамасыз етуді көздейді;

2 кезең (2003-2004 жылдар) - Республикалық және аймақтық оңалту орталықтарын нығайтуға, сондай-ақ осы проблемалармен айналысатын мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторының ұстанымын нығайтуға жәрдемдесуге есептелген;

3 кезең (2004-2005 жылдар) - республикада нашақорлықтың таралу үрдісіне тосқауыл қою.

Экономикалық реформаларды одан әрі тереңдету және қоғамдағы әлеуметтік қиыншылықтар әлеуметтік саланы реформалауды, туындайтын қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеуді қажет етеді. Осы мақсаттарда мына бағыттарды одан әрі заңнамалық реттеу қажет:

- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу жүйесінде мемлекеттік және жеке құрылымдарды қолдау;
- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу саласындағы жаңа технологияларды зерделеу, енгізу;
- енгізілетін әдістер мен технологияларды ғылыми тұрғыда негіздеу үшін ғылыми база құру;
- халықтың түрлі топтары мен мамандар үшін білім беру базаларын қалыптастыру;
- кадрлар даярлау және қайта даярлау;
- ақпарат, коммуникация, бақылау, талдау, лицензиялау;
- халықаралық ынтымақтастық (тәжірибе алмасу, шарттар, келісімдер жасасу).

## 4. Бағдарламаны қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері

Қаржы шығыстарын қажет ететін Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру мыналардың есебінен көзделген:

- әрбір мемлекеттік органға тиісті жылға бөлінген сома шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты;
- инвестицияларды тарту.

Сонымен қатар бағдарламаны іске асыру үшін мыналар тартылады:

- қоғамдық қорлар мен жеке тұлғалардың аударған ақшасы;
- техникалық және консультациялық көмек бағыты бойынша халықаралық ұйымдар мен донор елдердің гранттары;
- техникалық және консультациялық көмек бағыты бойынша халықаралық ұйымдар мен донор елдердің ресурстары.

2001 жылы республикалық бюджет шеңберінде жүзеге асырылатын шығыстар "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қаражат шегінде қаржыландырылатын болады, ал 2002 жылы және одан кейінгі жылдары жұмсалатын шығыстар тиісті

жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде түзетілетін болады.

**5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарлама нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алудың қолданылып жүрген нысандары мен әдістерінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде мыналар күтіледі:

- Қазақстан Республикасында есірткіге тәуелділіктің таралуына қарсы іс-әрекеттің тиімді, айқын үйлестірілген жүйесін құру;
- Қазақстан Республикасында есірткіге тәуелділіктің таралу үрдісіне тосқауыл қою;
- нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу саласында жоғары технологиялар әзірлеу;
- есірткіге тәуелділіктің таралуына қарсы іс-әрекетке қатысты халықтың құқықтық таным деңгейін көтеру;
- жалпы еліміз бойынша қылмыстық ахуалдың деңгейінің төмендеуі.

Бағдарламаны іске асыру тетігінің тиімділігі нашақорлыққа қарсы сан салалы күрестің барлық бағыты бойынша нысаналы және келісілген іс-әрекеттерімен қамтамасыз етіледі.

**6. "Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| N р/н | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1. Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру** | | | | |
| 1.1. | Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу бағдарламасын енгізу бойынша жұмыс жүргізу | Нормативтік құқықтық кесімдер жобалары | ДСА, Дәрігерлер мен дәрі жасаушылар қауымдастығы (келісім бойынша) | Қаңтар, желтоқсан жыл сайын | Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу бағдарламасын тиімді енгізу |
| 1.2. | Интернетте "Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу" web сайтын | Ведомство. аралық бұйрық жобасы | ДСА, ЕХҚМ, ӘдМ, Дәрі. герлер мен дәрі жасау. шылар қауым. дастығы | 2002 жылдың 3-тоқсаны | Нашақорлық проблемасымен айналысатын медициналық және қоғамдық ұйымдардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ашу | | (келісім бойынша) | | қызметін үйлестіру және бақылау |
| 1.3. | Наркологиялық және оңалту қызметтері бөлімшелерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу | Бұйрықтар мен нұсқаулықтардың жобалары | ДСА, ІІМ | 2003 жылдың 2-тоқсаны | Диагностиканы жақсарту, емдеу сапасын арттыру, нашақорлықтың қайталануын қысқарту |
| 1.4. | Барлық ведомстводағы нашақорлық жөніндегі мемлекеттік статистикалық есеп пен есептілік сапасын арттыру | Ведомствоаралық бұйрық | ДСА, СА, ІІМ, ӘдМ | 2003 жылдың 4-тоқсаны | Республикада нашақорлық жөніндегі статистикалық деректердің нақтылығын арттыру |

---------------------------------------------------------------------------

**2. Нашақорлықпен ауыратын адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік орталықтарды (бөлімшелерді) нығайту**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.1. | Есірткіні пайдалануға сезікті адамдарды медициналық ұйымдардың жалпы соматикалық желідегі амбулаториялық бөлімінде ұдайы тексеріп | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ДСА | Ұдайы | Нашақорлықтың алдын алу және оны ерте анықтау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| отыру | | | | |
| 2.2. Наркологиялық көмек көрсететін медициналық мекемелерді қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету | Нормативтік құқықтық кесімдер жобалары | ДСА, ІІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2004 жылдың 2-тоқсаны | ҚР халқына наркологиялық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыру |
| 2.3. Наркологиялық сараптама жүргізу, наркологиялық мас болу жағдайын анықтауды өткізу үшін медициналық мекемелерді техникалық және зертханалық жарықтандырумен қамтамасыз ету | Министр мен төрағаның бұйрықтары, әкімдердің шешімдері | ДСА, ІІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2003 жылдың 3-тоқсаны | Наркологиялық мас болу жағдайына уақытылы және сапалы диагноз қою |
| 2.4. Іс-шаралар кешені: - Есірткіге тәуелділерді емдеу және медициналық алдын алу мәселелерімен айналысатын БАҚ | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ДСА, БҒМ, ӘдМ, ІІМ | Қаңтар, маусым жыл сайын | Мемлекеттік органдардың нашақорлық саласындағы білім беру деңгейлерін арттыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қызметкерлері, педагогтар, медициналық қызметкерлер, әлеуметтік қызметкерлер, IIM, үкіметтік емес ұйымдар қызметкерлері үшін мамандандыруды арттыруға және жетілдіруге бағытталған білім беру кезеңдерін қамтамасыз ету |
| 2.5. | Мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында нашақорлықтың алдын алу және оның салдары | Ведомство. аралық бұйрық | БҒМ, ДСА | 2002 жылдың 3-тоқсаны | Нашақорлық мәселелері бойынша оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру мәселелерін "Валеология" пәніне міндетті түрде қоса отырып, пән бойынша республиканың барлық аумағында бірыңғай оқу бағдарламасын әзірлеу |
| 2.6. | Медициналық орта оқу орындарында наркологиялық | Бірлескен бұйрық | ДСА, БҒМ | 2003 жылдың 3-тоқсаны | Нашақорлық саласында орта буындағы жоғары |

ұйымдарда жұмыс кәсіби
істеу үшін орта мамандарды
медициналық дайындау
қызметкерлерді
арнайы даярлауды
ұйымдастыру

2.7. Нөмірлерін Министр мен МАКМ, ДСА, 2004 жылдың Нашақорлық
бұқаралық төрағаның облыстардың, 1-тоқсаны мәселелері
ақпараттық бұйрықтары, Астана және бойынша
құралдарында әкімдердің Алматы уақытылы
жариялай отырып, шешімдері қалаларының кәсібі
нашақорлық әкімдері консультация
мәселелері беру
жөнінде жасырын
кеңестер беру
үшін тәулік
бойғы "Сенім
телефондарын"
барлық жерде
құру

2.8. Қоғамның Қазақстан ДСА, МАКМ, Қаңтар, Есірткіге
есірткіге Республика. БҒМ, маусым теріс көзқарас
жағымсыз сының облыстардың, жыл сайын қалыптастыру
пікірін Үкіметіне Астана және
қалыптастыруға ақпарат Алматы
бағытталған қалаларының
ақпараттық- әкімдері
насихат
жұмысын
жүргізу

-----------------------------------------------------------------------

### 3. Республикада нашақорлықты тарату үрдісіне тосқауыл қою

3.1. Жалпы білім Министрдің БҒМ 2001 жылдың Жалпы білім
беретін бұйрығы 3-тоқсаны беретін мек.
мектептерде тептер оқу.
зиянды заттарды шыларының
пайдаланудың арасында зиян.
алдын алу ды заттарды
жөніндегі пайдаланудың

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қазақстандық мектеп бағдарламасын үйлестіру. шілермен семинар-жаттығулар өткізу | | | | алдын алу |
| 3.2. Нашақорлықпен ауыратын адамдарға төзімділік жасау жөнінде тұрғындармен түсіндіру жұмысын жүргізу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат | ДСА, БҒМ, ІІМ, ӘдМ | Қаңтар, маусым жыл сайын | Нашақорлықпен ауыратын адамдарды оңалту процесін жақсарту |
| 3.3. Нашақорлықты таратуға қарсы күреске бағытталған қоғамдық жастар ұйымдарын құру мен қызметіне жәрдем көрсету | Нормативтік құқықтық кесімдер жобалары | БҒМ, МАКМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2005 жылдың 1-тоқсаны | Жастарды есірткіге қарсы насихат жүргізуге тарту |
| 3.4. Жоғары оқу орындарының валеология бойынша педагогтары мен мамандарының қатысуымен баспасөз-конференциясын өткізу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат | БҒМ, ӘдМ, ДСА | Қаңтар, маусым жыл сайын | Студенттердің нашақорлық мәселелері бойынша білім деңгейін көтеру |
| 3.5. Барлық жоғары оқу орындары мен колледждер | Министрдің бұйрығы | БҒМ | 2003 жылдың 2-тоқсаны | Жастар арасында есірткі иммуни. тетін дағдылан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өздерінің жарғыларына оқу орындарының әкімшілігін құқық қорғау органдарының қатысуымен өтетін кеңестерде студенттер және оқушы жастар арасында нашақорлықтың алдын алу мен ескертудің жай-күйін ұдайы қарауды міндеттейтін толықтырулар енгізу | | | | дыру, есірткі құралдарын пайдаланатын адамдардың санын азайту |
| 3.6. | Әскери қызметшілер мен әскери оқу орындары курсанттарының арасында нашақорлықтың алдын алу жөнінде кең көлемді түсіндіру жұмысын жүргізу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат | ҚорМ, ҰҚК (келісім бойынша), ІІМ, ДСА | Қаңтар, маусым жыл сайын | Нашақорлық мәселелері бойынша әскери қызметшілер мен курсан. ттардың есірткі иммунитет. інің деңгейін арттыру, есірткі құралдарын пайдаланатын адамдардың санын азайту |
| 3.7. | Есірткіні пайдаланудың | Қазақстан Республика. | ДСА | Қаңтар, маусым | Есірткі пайдаланушы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салдары туралы білімін анықтау мақсатында есірткі пайдаланушылар дың арасында социологиялық зерттеулер жүргізу | сының Үкіметіне ақпарат | | жыл сайын | лардың есір. ткіні пайда. лану қаупі туралы білім деңгейін арттыру |
| 3.8. | ТМД және алыс шет елдермен нашақорлық ауруының даму үрдісі бойынша ақпараттық алмасу жүргізу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат | СІМ, ІІМ, ДСА | Қаңтар, маусым жыл сайын | Нашақорлық ауруының даму үрдісінің заңдылығын анықтау |
| 3.9. | Наркологиялық қызметтің жұмысына қолдау көрсету үшін халықаралық ұйымдар мен донор елдердің техникалық және өзге де көмегін тарту жөнінде жұмыс жүргізу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат | СІМ, ӘдМ, ІІМ, ДСА | Қаңтар, маусым жыл сайын | Наркологиялық қызметтің жұмысын жақсарту |

---------------------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК